**«№ 4 Хромтау жалпы орта мектебі» КММ**
**2022-2023 оқу жылының І оқу тоқсанында жүргізілген әдістемелік жұмыс бойынша**
**Талдау**

Әдістемелік жұмыс – бұл ғылым мен педагогикалық озат тәжірибе жетістіктеріне және оқу жұмысының нақтылы жағдайына сүйене жүргізілген, өзара байланысты іс-әрекеттер мен шаралар жүйесі, ол әрбір мұғалім мен тәрбиешінің біліктілігін, кәсіби шеберлігін жан-жақты арттыруға бағытталған іс-шараларға, педагогикалық ұжымның кәсіби мүмкіндігін дамытуға және оқытудың сапасын арттыруға, білімінің деңгейін көтеруге бағытталады.

Мектептің әдістемелік жұмысының проблемасы – «Сапалы білім беру жағдайында мұғалімнің құзыреттілігі мен кәсіби шеберлігін жан-жақты жетілдіру».

Мектептің әдістемелік жұмысының міндеттері:

- Білім беру және әдістемелік жүйенің даму стратегиясын белгілеу;
- қоғамның интеллектуалды және рухани әлеуетін жетілдіретін шығармашыл тұлға ретінде педагогты дамытатын ғылыми негізделген, соның ішінде әдістемелік қызметтің жүйесін жасау;
- білім беру мазмұны мен әдістері аясында педагогтардың шығармашылық қызметінің теориялық негіздері мен нәтижелері бойынша жетілдіру жұмыстарын ұйымдастыру;
- білім беруді дамыту бағдарламаларының жүзеге асырылуын әдістемелік жағынан қамтамасыз ету;
- білім берудің өзекті мәселелері және оны жүзеге асырудың әдістемесі бойынша педагогтар мен басшы кадрларға ғылыми-әдістемелік көмек беру;
- инновациялық қызметтің дамуына түрткі болу;
- барлық оқушылардың ерекше білім беруге қажеттіліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге жағдайлар жасау;
- оқу және ғылыми-әдістемелік жұмыстың жеке бағыттары бойынша эксперимент алаңдарын құру және соның негізінде білім беру мазмұны мен оны жүзеге асыруда сапаға жету мақсатында олардың іс-әрекетіне басшылық жасау, үйлестіру, кеңес беру.

Педагог қызметкерлердің өзін-өзі басқарудың тұрақты жұмыс істейтін алқалы органы - педагогикалық кеңес болып табылады. Ол білім беру ұйымының оқу-тәрбие жұмысының негізгі мәселелерін қарау және шешу үшін жүргізіледі. Осы негізде «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар ҚР БҒМ 2020 жылғы 2 сәуірдегі №125 бұйрығымен енгізілген) бұйрығына сәйкес 2022-2023 оқу жылына арналған педагогикалық кеңестің жылдық жұмыс жоспары құрылды. Жоспарға сәйкес тамыз айында №1 Педагогикалық кеңесте «Білім берудің сапасы мен тиімділігі арттырудың жолдарын нәтижеге бағыттау» мазмұны бойынша төмендегідей мәселелер қаралды:

1.2021-2022 оқу жылының қортындысын талдау, жаңа оқу жылына қойылатын мақсат міндеттермен таныстыру.

2.2022-2023 оқу жылын ұйымдастырудағы нормативтік – құқықтық актілері.

3.2022-2023 оқу жылының жұмыс оқу жоспарларын бекіту (жалпы және мектепалды даярлық, үйден оқыту, ерекше білімді қажет ететін білім алушыларға арналған жұмыс жоспарлары)

3.1.2022-2023 оқу жылының оқу-тәрбие жұмыс жоспарын бекіту.

3.2. Педагогикалық жүктемені бөлу (мектеп үйірмелері, секциялары), жоспарларын бекіту.

4.Педагог қызметкерлердің педагогикалық жүктемесі мен жұмыс кестесін таныстыру, күнтізбелік жоспарды (вариативтік курстар)бекіту.

5.Мектепке 1,10 сынып білім алушыларын қабылдау, ауыстыру және сабақ режимін, оқу жүктемесін бекіту.

6.Инклюзивті, арнайы білім беруді қамтамасыз ету үшін білім алушылардың үлгерімдері мен психология-педагогикалық ерекшеліктері туралы мәліметтер негізінде білім алушылардың жеке басының ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие және түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру.

7.Педагогтарды аттестаттау жұмыстарын үйлестіру, біліктілік курстардан өту тізімін бекіту.

8. Кәсіби қызметке алғаш келген педагогке бір оқу жылы кезеңіне бекітілетін тәлімгерді анықтау мәселелері қаралды.

9. Қосымша міндеттер жүктеу туралы бұйрықпен таныстыру.

Қараша айында №2 Педагогикалық кеңесте «Білім беру үдерісі субъектілерінің мотивациялық саласын дамыту арқылы негізгі құзыреттілікті қалыптастыру» мазмұны бойынша күн тәртібінде төмендегідей мәселелер қаралды:

1. Нормативтік құжаттардың талаптарын орындау № 1 педагогикалық кеңестің шешімдері мен ұсыныстарын орындау

2. "Педагогтың жоғары кәсіби құзыреттілігі-білім беру үдерісінің жоғары нәтижесі".

1. Білім алушыларға мектептегі психологиялық орталық арқылы жоспарлы көмектің жүйелі жүргізілуі,балалардың эмоциялық-ерік және жеке дамуын зерделеу

3. Кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен бұзақылықтың алдын алу бойынша мектептің 1 тоқсан атқарылған жұмыстары.

4. 1 тоқсанның білім сапасын талдау жұмыстары.

Ағымдағы оқу жылында әдістемелік жұмыстың міндеттерін жүзеге асыру мақсатында мектептің әдістемелік кеңесінің жұмыс жоспары құрылып, бекітілді, міндеттері анықталды. Әдістемелік кеңес-әдістемелік (ғылыми-әдістемелік) қызметке басшылықты жүзеге асыру мақсатында білім беру ұйымының неғұрлым білікті педагог қызметкерлерін біріктіретін тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган болып табылады.

2022-2023 оқу жылына арналған мектептің әдістемелік кеңесінің жұмыс жоспарына сай «2022-2023 оқу жылында жалпы білім беру ұйымдарында оқу үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктері» әдістемелік нұсқау хаты әдістемелік кеңес мүшелері арасында талданды. Мектептің даму бағдарламасын іске асырудағы бұйрық жобасы бекітіліп, «Мектепішілік жалпы әдістемелік, облыстық экспериментік алаңмен жұмыстану» жоспары талданып, бекітілді. Мектепішілік оқу жоспарындағы вариативтік компоненттердегі курстардың (элективті, таңдау, қолданбалы курстар,) бағдарламалары талданып, бекітілді. Оқу-тәрбие үрдісінде қолданысқа енгізілетін мектепішілік нұсқаулықтар мен ережелер талданып, бекітілді.

Сонымен қатар мектептегі әдістемелік жұмысты жандандыру, мұғалімдердің кәсіби құзіреттіліктерін арттыру мақсатында «Әдістемелік бірлестік жетекшілерін бекіту туралы» 2022 жылдың 01 қыркүйек айындағы №211 бұйрығына сәйкес әдістемелік бірлестік жетекшілері құрамы бекітілді. Олар:

1. Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті МО жетекшісі педагог-сарапшы Г.К.Ермеккарина
2. Орыс тілі мен әдебиеті МО жетекшісі педагог-сарапшы В.У.Нурмагамбетова
3. Ағылшын тілі пәнінің МО жетекшісі педагог-модератор Ж.М.Куанышбаев
4. Бастауыш сынып мұғалімі МО жетекшісі педагог-модератор А.К.Жумагалиева
5. МИФ (математика, информатика, физика) МО жетекшісі педагог-сарапшы А. Шангереева
6. Жаратылыстану және география МО жетекшісі педагог-сарапшы Г.С.Кадралина
7. Тарих пәнінің МО жетекшісі педагог-зерттеуші М.Н.Бердалина
8. Дене шынықтыру және эстетикалық цикл МО жетекшісі педагог зерттеуші А.Н.Искендиров болып бекітілді.

Педагогтардың біліктілік деңгейін, қызмет өнімділігін кешенді бағалау үшін педагог қызметкерлердің аттестаттаудан өтуі маңызды. Педагогтерді аттестаттаудың мақсаты – педагогикалық еңбектің біліктілігі мен кәсібилігінің өсуін ынталандыру, шығармашылық бастаманы дамыту мектеп сапасын арттырудың бірден бір жолы болып табылады.




Мектебіміздегі жалпы педагог қызметкерлердің саны-110, олардың ішінде жаңа формат бойынша «Педагог-шебер»-2, «Педагог-зерттеуші»-20, «Педагог-сарапшы»-25, «Педагог-модератор»-27, «Педагог»-26, сонымен қатар бұрынғы формат бойынша жоғары санатты-1, I санатты-5, II санатты-4 педагог бар. НОБД бойынша мектеп сапасы 48%-ды құрайды. Аттестациядан өту үшін қазан айында ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Юсупбаева К.Б. «Педагог-сарапшы» санаты бойынша өтініш жазған болатын, қазіргі таңда нәтижесі күтілуде.

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығына сәйкес директордың оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары А.М.Тургумбаева педагогтармен түсінік жұмыстарын жүргізді.





Бүгінгі таңда мектеп алдында тұрған міндеттердің бірі – мұғалімдердің сапасын арттыру, ол үшін мұғалімдер аттестациядан уақытылы өтуі керек. Биылғы жылы аттестаттау жоспары бойынша 4 педагог-модератор және екінші санатты 3 мұғалім сарапшы педагог аттестациядан өтуі тиіс, олардың тағайындалуымен сапалық құрамы 54,5% құрайды.

Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру – жаңаны меңгеруге, сондай-ақ оқыту мен оқудың сапасын арттыру үшін бұрын алынған кәсіби білімдерді, дағдыларды, дағдылар мен құзыреттерді қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік нысан болып табылады. I оқу тоқсанында мектебіміз бойынша курстан өткен мұғалімдер бар. Атап айтар болсақ:

| Курс атауы | Курстан өткен мұғалімдер саны |
|---|---|

| | |
|---|---|
| Базалық курстар | 10 |
| Инклюзив бойынша базалық курс | 3 |
| Разработка СОР-СОЧ | 2 |

Курстан өткен жалпы мұғалімдер саны-15 педагог. Мектебіміздің 2022-2025 жылдарға арналған перспективалық жоспар бойынша алдағы уақытта базалық және инклюзив бойынша әріптестеріміздің курстан өтуі жолға қойылған.

"Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық орналастыру және мемлекеттік мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру ұйымының басшысы лауазымына конкурстық тағайындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы бұйрығына сәйкес конкурс ұйымдастырылды. Конкурс бойынша қабылданған құжаттар отырыста қаралып, конкурс талаптарына сай жас мамандар жұмысқа қабылданды.








Әдістемелік жұмыстың тағы бір жоспарлы жұмысының бірі – жас педагогтармен жұмыс болып табылады. "Жас педагог мектебі" бастаушы педагогтарда жоғары кәсіби мұраттарды, тұрақты даму мен өзін-өзі дамыту қажеттіліктерін қалыптастыру мақсатында мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесінің құрамдас бөлігі, білім беруді басқарудың маңызды циклі, жас мұғалімнің кәсіби және жеке өсуіне жағдай жасайтын жүйе.



Осы негізде жаңартылған білім мазмұны жағдайында жас мамандардың табысты бейімделуі үшін ұйымдастыру-әдістемелік жағдай жасау мақсатында 2022-2023 оқу жылына арналған "Жас педагог мектебі" жұмысының жоспары құрылып, бекітілді. Тамыз айында мектебімізге келген жас мұғалімдермен сұхбат жүргізіліп, ҚР БҒМ-нің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №160 бұйрығымен бекітілген «Тәлімгерлікті ұймдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті

жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптар» негізінде жас мамандар мен жаңадан келген мұғалімдерге әдістемелік және педагогикалық көмек көрсету үшін 2022 жылғы 1 қыркүйек № 122 бұйрығына сәйкес жас және жаңадан келген мамандарға төмендегідей тәлімгерлер тағайындалды:

1. Тәлімгер М.К.Нугыманова-Е.В.Иванцова орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
2. Тәлімгер А.А.Суйналина-М.Е.Рахметолла қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
3. Тәлімгер М.Н.Бердалина-А.А.Болатова орыс тілі пәні мұғалімі
4. Тәлімгер Г.И.Мирманова-Е.Ғ.Тынымбай физика пәні мұғалімі
5. Тәлімгер Ж.Ж.Жолдыбаева-Г.А.Тлеугабылова қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
6. Тәлімгер Р.Ж.Таимова-Л.Асылбекова бастауыш сынып мұғалімі
7. Тәлімгер Э.Н.Ибрагимова-Н.Д.Сейтимбетова физика пәні мұғалімі
8. Тәлімгер Г.Г.Сафина-Р.Ж.Қолғанат математика пәнінің мұғалімі
9. Тәлімгер Г.К.Калабаева-А.В.Өсет-биология пәнінің мұғалімі.

Бекітілген тәлімгерлер «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы) бұйрыққа сәйкес тәлімгерлікті іске асыратын педагогтың қызметін жоспарлау, ұйымдастыру және оның мазмұны бойынша іс-шаралар жоспарын құрып, бекітті. Жоспарға сәйкес тәлімгер мен тәлім алушы арасындағы жұмыстар жүргізілуде.

Сонымен қатар нормативтік құқықтық құжаттары және мұғалімге құжаттама бойынша «Жас педагог мектебі» мүшелеріне нұсқаулық берілді.

Қыркүйек айында мектеп әкімшілігі мен жас мамандардың қатысуымен «Білім мен оқыту: кәсіпқойлық пен табысқа бірге» атты дөңгелек үстел өткізілді.



Кәсіби қиындықтарды анықтауға, мұғалімнің ұжымда жайлылық дәрежесін анықтауға арналған жас маманды жаңа ортаға үйрету, өздерін еркін ұстауға мүмкіндік жасау, мамандықтарына деген сүйіспеншілігін арттыру, ұжым арасында ынтымақтастықты қалыптастыра отырып, бірлескен жұмыс жасауға жұмылдыру, әдістемелік көмек көрсету арқылы кәсіби жетілдіру мақсатында сауалнама жүргізілді, сауалнамаға 13 жас педагог қатысты. Жас мұғалімдердің кәсіби қызметке мотивациялық дайындық деңгейіне және олардың эмоционалды жағдайына диагностикалық тексеру жүргізілді.



Мектеп іс қағаздарын жүргізуге жасалған талдау жас мамандардың мектеп іс-қағаздарын жүргізуге саналы түрде қарайтынын, журналдар уақытылы толтырылып, бақылау және еңбек кітапшалары жүйелі түрде тексеріліп, барлық есеп беру құжаттары белгіленген мерзімде тапсырылатынын көрсетті.

Қыркүйек айында «Оқу үрдісін жобалау» тақырыбында «Жас педагогтардың» отырысының жоспарына сай №1 «Жас педагогтардың» отырысы болып өтті. Мұнда мұғалімнің нормативтік құқықтық және оқу-әдістемелік құжаттамасы; мазмұны бойынша іс жүзінде маңызды компоненттерді көрсете отырып, оқытылатын пәндер бойынша оқу жоспары мен бағдарламасы; күнтізбелік және тақырыптық жоспарлау; жоспар, сабақ жоспары, технологиялық карта; сынып журналын, оқушылар күнделігін, дәптерді жүргізуге қойылатын талаптарды орындау; жас мұғалімдердің кәсіби қызметке психологиялық дайындығы мәселелері қаралды. Осы мақсатта өздерінің еңбек жолын жаңадан бастаған жас педагогтарға әдістемелік көмек көрсетуге бірден-бір тиімді тәсіл – жас мұғалімдердің жұмысын жүйелі жоспарлау, өз міндетін дұрыс білуі екендігі баса айтылды.

Жас және жаңадан келген мамандарға тағайындалған тәлімгерлер күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды дайындау, мектеп құжаттарын жүргізу бойынша педагогтармен жеке консультациялар жүргізді. Сонымен қатар, жас мұғалімдердің кәсіби шеберлігін шыңдау, шығармашылығын дамыту жолында кеңес берді.

Қазан айында «Қазіргі тәрбие сабағының әдістемелік негіздері» тақырыбында «Жас педагог мектебінің» №2 отырысы болып өтті. Бұл отырыста қазіргі білім беру сабағының түрлері, формасы және құрылымдық элементтері қарастырылып, қазіргі білім беру сабағының мақсаттары мен міндеттерін қоюға қойылатын талаптар туралы талданды. Сонымен бірге оқыту әдістері, «Жас мұғалімге көмек» әдістемелік әзірлемелер берілді, оқушылардың танымдық белсенділігі мен оқу іс-әрекетіндегі дербестігін дамытуға ықпал ететін сабақты өткізу формалары таныстырылды. Жыл бойына облыстық ЖММ жұмысына қатысу керектігі жас педагогтарға айтылды.

Жас мамандар пәндік апталықтарда ашық сабақтар өткізіп, тәжірибелерін шыңдауда. Сонымен қатар өткізілген сабақтарға қатысып, тәжірибе алмасып, сабақ соңындағы талдау жұмыстарына да қатысып жүр.

Жас мамандардың өткізген сабақтарына қатысып, олардың құжаттары тексерілді. Қатысқан сабақтарды талдау барысында жас мамандардың өз пәнін жетік меңгергенін, заманауи білім беру технологияларын, жұмыстың формалары мен әдістерін меңгеріп, сабақтарында ішінара пайдаланатынын көрсетті. Алайда, тоқсанның басында жас мамандар оқушылардың дәптерлерін уақытында тексермегендерін мойындап, олармен жас мамандарға мектеп құжаттарын жүргізуге қайта нұсқау берілді.

Қорытынды:

Жыл басында белгіленген тәлімгерлер жас мамандармен және жаңадан келген мамандармен бірлесе белсенді жұмыстар атқаруда. Тәлімгердің көмегі сабақты жобалауға, әдістемелік және дидактикалық құрал-жабдықтарды таңдауға, нормативтік құжаттармен жұмыс істеуге, жас мұғалімнің кәсіби қызметінің тиімділігін түзетуге көмек көрсетуден тұрды. Жалпы, тәлімгер жас маманның мектептегі ұстаздыққа тез бейімделуіне, әдістемелік, психологиялық, педагогикалық, басқарушылық, құқықтық ақпараттармен қамтамасыз етуіне бақылау жасап қана қоймай, өз үлестерін қосып, кәсіби көмек беруде. Жүргізілген бақылау жас мамандардың жаңа ұжымға бейімделіп, өз жұмыстарына адалдықпен қарайтынын көрсетті. Олар өз бетінше білім алу, педагогикалық шеберлік пен кәсіби деңгейді көтеру бойынша жұмыс істейді. Жұмыс жоспарына сәйкес ӘК және ӘО сыныптан тыс іс-шараларды өткізуде және семинарларға қатысып, белсенділік көрсетіп жүр.

Ұсыныс:

- «Жас педагог мектебі» бағдарламасы бойынша жұмысты жалғастыру; табысты жұмыс істеу үшін оңтайлы жағдай жасау;
- жас мамандармен жеке әңгімелер мен консультациялар жүргізу;
- сабақтарды жоспарлау мен өткізуге практикалық көмек көрсету, оның ішінде сабақ конспектісімен алдын ала жұмыс жасау және сабақтарды талдау;
- жас мамандардың кәсіби құзыреттілік деңгейін диагностикалау, олардың әдістемелік-педагогикалық мәселелерін жүйелі зерттеу.
- тәлімгерлердің, тәжірибелі мұғалімдердің сабақтарына қатысу;
- мұғалімдер мен тәлімгерлер жас мұғалімдермен жұмысты жалғастыру;
- заманауи технологияларды, жұмыс формалары мен әдістерін қолдану;

- сонымен қатар мектеп құжаттарының жүргізілуін, атап айтқанда Kundelik.kz сайтының жазбасын бақылау.

ҚР БҒМ «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы «Ақтөбе облысы бойынша кәсіби даму институтының» 2022 жылдың 12 қыркүйегіндегі №1048 бұйрығына сәйкес мектебіміз бойынша эксперимент алаңы құрылды. Мектебіміз бойынша эксперимент алаңының жетекшісі болып директордың оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары А.М.Тургумбаева тағайындалды. Мектебіміз бойынша эксперимент алаңының төмендегідей тізімі құрылды:

| № | Аты-жөні | Пәні | Байланыс телефоны, электронды поштасы |
|---|---|---|---|
| 1 | Байманов Алтынбек Назарбайұлы | География пәні мұғалімі | 87776615224 Altynbek_1992-92@mail.ru |
| 2 | Жумагалиева Айжан Куанышевна | Бастауыш пәні мұғалімі | 87711183824 aizhankz_90@mail.ru |
| 3 | Кадралина Гаухар Саматовна | Биология пәні мұғалімі | 87789295823 bennington_76@bk.ru |
| 4 | Кайырбаева Гаухар Бауыржановна | Бастауыш пәні мұғалімі | 87054746126 gkayyrbayeva@bk.ru |
| 5 | Курманбаева Гульнур Тастановна | Бастауыш пәні мұғалімі | 87477532732 gulnura_81@mail.ru |
| 6 | Қолғанат Райымбек Жеңісұлы | Математика пәні мұғалімі | 87051647561 Roma_97.13_04@mail.ru |
| 7 | Морозова Ильмира Тулебаевна | Бастауыш пәні мұғалімі | 87717845086 morozovakairbaeva@mail.ru |
| 8 | Мирманова Гульдана Ибраевна | Математика пәні мұғалімі | 87057304031 Guldana_81.28.09@mail.ru |
| 9 | Өсет Ақбаян Вазильқызы | Химия пәні мұғалімі | 87028959468 bayannka@mail.ru |
| 10 | Сейтимбетова Назгүл Досмуханқызы | Физика пәні мұғалімі | 87000810185 nona2910@inbox.ru |
| 11 | Таимова Рунат Жакуповна | Бастауыш пәні мұғалімі | 87758218213 trzh@list.ru |
| 12 | Тнымбай Ербол Ғалиұлы | Физика пәні мұғалімі | 87057507137 erbol.00.aike@mail.ru |
| 13 | Тургаева Гаухар Арыстангалиевна | Бастауыш пәні мұғалімі | 87788044448 Gauhar_22@bk.ru |
| 14 | Тургумбаева Ильмира Миргалиевна | Бастауыш пәні мұғалімі | 87054753892 ilmira.turgumbaeva@mail.ru |
| 15 | Шангереева Дана Шархановна | Математика пәні мұғалімі | 87771126719 Shangereeva92@inbox.ru |

Эксперимент алаңының мүшелері әдістемелік іс-шаралар жоспарына сай облыстық эксперименттік алаңының жұмыстарын талдау отырысын ұйымдастырып, проблемаларды талқылап, алға қойылатын жұмыстарды жоспарлап, ойларын ортаға салды.

«Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» тақырыбындағы эксперимент алаңының II жартыжылдыққа арналған жұмыс жоспары жасақталуда.

Әдістемелік іс-шаралар жоспарына сай қыркүйек айында «Мұғалімдердің құзыреттілігі мен кәсіби шеберлігін жан-жақты жетілдіру» тақырыбында мектептің әдістемелік мәселесі бойынша семинар–практикумы өткізілді.

Семинар-практикумда «Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі» тақырыбында директордың оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары А.М.Тургумбаева, «Сабақтағы ой еңбегінің мәдениеті» тақырыбында, «Групповая рабоота как эффективная форма организации урока»

Сафина Г.Г., «Инклюзивті білім берудің әдістемелік негіздері» тақырыбында Бердалина М.Н. тақырыбында жұмыстар жүргізді. Сонымен қатар қыркүйек айында «Білім берудегі заманауи білім беру және ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктері» тақырыбында Кайырбаева Г.Б. семинар өткізді.









Мұғалімдерді жаңа оқу жылындағы жұмыстың білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен толықтыруларымен таныстыру мақсатында 2022-2023 оқу жылының ӘНХ-мен таныстыру бойынша әдістемелік кеңес отырысы өтті. Әдістемелік кеңес отырысында Ешкеева А.Т. «2022-2023 оқу жылындағы мектепке қойылған талаптармен міндеттермен таныстыру», Тургумбаева А.М. «2022-2023 оқу жылының ӘНХ-мен таныстыру», Таимова Р.Ж. «Формирование функциональной грамотности в начальной школе», Мирманова Г.И., Кадралина Г.С. «Технология формирования математической, а также естественно-научной грамотности обучающихся», Кадралина Г.С. «Учебный процесс в условиях инклюзивного образования», Имандосова С.А. «Жаңартылған білім мазмұны – уақыт талабы» тақырыптарындағы мәселелер қаралды.








03 қыркүйек күні директордың оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары А.М.Тургумбаева мен тәлімгерлердің ұйымдастыруымен «Әрбір жан өз бақытының шебері» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды. Тренингке қатысқан жас мамандардың көңіл-күйлері көтеріліп, өздеріне құрметпен қарау, ұжымда ынтымақтастық, сыйластық қарым-қатынас таныту секілді қасиеттердің маңыздылығын түсіне отырып, өздеріне деген сенімділіктері, кәсіби құлшыныстары арта түсті.

І оқу тоқсанының жоспарындағы «Функционалдық сауаттылық – сапалы білімнің кепілі» тақырыбындағы практикалық семинарының (PIZA., TIMSS, PIRLS) өткізілмеуіне байланысты, жоспарлы шара ІІ тоқсанға қараша айына қойылды.

Мұғалімдердің мектептегі әдістемелік бірлестігі-мектеп жұмысын сапалы басқару үшін қажетті маңызды құрылымдардың бірі. Сондықтан мектебімізде жоғарыда атап өткендей 8 бірлестік жетекшілері тағайындалған болатын. Әдістемелік бірлестік жетекшілері мектептің әдістемелік жұмыс жоспарына сай өз жоспарларын жасақтап, бекітті. Жоспарға сай бірлестіктер бойынша жұмыстар атқарылуда. І оқу тоқсаны бойынша директордың оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары А.М.Тургумбаева бірлестік жетекшілерімен отырыс ұйымдастырып, отырыста нормативтік құжаттар, соның ішінде үлгілік оқу жоспарларындағы және 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хаттағы әр пән ерекшелігі бойынша енгізілген толықтырулар мен өзгерістерге тоқталып өтті.







Әр бірлестік жетекшілері өздеріне бекітілген бірлестіктері бойынша кестеге сай отырыстар өткізді. Бірлестік отырыстарында №399 бұйрыққа сәйкес оқу бағдарламасындағы өзгерістер талқыланды. Мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін және оқушылардың білім, білік дағдыларын көрсететін жұмыстардың біріне пән апталықтарын өткізу жатады. Осы орайда жоспарға сай ағылшын тілі пәні апталығы ұйымдастырылды. Бірлестіктер бойынша өз білімін көтеру мақсатында біліктілік арттыру курстарынан өткен педагогтар әріптестерімен алған өз тәжірибелерімен бөлісті.








І оқу тоқсаны бойынша мектебіміздің педагогтары түрлі байқауларға қатысып, жетістіктерге жетті. Атап айтар болсақ, бастауыш класс мұғалімдеріне арналған шығармашылықпен жұмыс жасайтын бастауыш класс мұғалімдерін анықтау және оларға

қолдау көрсету, мұғалім мәртебесін көтеру, үздік педагогикалық тәжірибелерді зерттеу, насихаттау және тарату мақсатында ұйымдастырылған «Үздік бастауыш класс мұғалімі-2022» облыстық байқауының аудандық кезеңіне мектебіміздің бастауыш сынып мұғалімі **Кайырбаева Гаухар Бауыржановна қатысып, І орын иеленді.**







«Панорама педагогических идей» атты Республикалық видеосабақтар мен видеожинақтар байқауына мектебіміздің жаһандық құзыреттілік пәні бойынша Камбарова Багзат Базаргалиевна қатысып, марапатталды.

Ақтөбе облыстық ғылыми–тәжірибелік орталығымен ұйымдастырылған «Үздік сабақ жоспары» облыстық байқауы география пәнінің мұғалімдерінің арасында өтті, біздің мектеп бойынша география пәнінің мұғалімдері 100% қатысты:

| № | Педагогтың аты-жөні | санаты | Нәтижесі |
|---|---|---|---|
| 1 | Байманов Алтынбек Назарбайұлы | педагог-сарапшы | 3 дәрежелі диплом |
| 2 | Айдарова Талшин | 1 санат | Алғыс хат |
| 3 | Эльмурзаева Нуршат Суйлеменовна | педагог-сарапшы | 2 дәрежелі диплом |

І оқу тоқсаны бойынша өткізілген Республикалық, облыстық пәндік педагогикалық олимпиадалар нәтижелері:

- бастауыш сынып пәні мұғалімдері бойынша:

1. Таимова Рунат Жакуповна 1 орын
2.Тургаева Гаухар Арыстангалиевна 2 орын
3.Ашихмина Людмила Николаевна 1 орын
4. Курманбаева Гульнур Тастановна 1 орын
5. Мамаева Елена Михайловна 1 орын
6. Калабаева Гуннар Кайыржановна 1 орын
7. Курманбаева Гульнур Асановна 1 орын
8. Рисжанова Эльмира Амангельдиновна 1 орын
9. Жалтаева Жания Рахимовна 2 орын
10. Курманалина Зейне Ермановна 2 орын
11. Рсмагамбетова Айнагуль Толыбековна 3 орын
12. Жадросинова Ляззат Казбаевна 3 орын
13. Байшурина Сарбиназ Маратовна- 2 орын;

- математика пәні мұғалімдері бойынша:

1. Шангереева Д.Ш. Ақтөбе ғылыми тәжірибелік орталық облыстық «ПедОлимпиада» 2 орын
2. Имандосова С.А. «Ped Olimp» атты республикалық пәндік педагогикалық олимпида 1 орын
3. Мамбетжанова А.З. Ақтөбе ғылыми тәжірибелік орталық облыстық «ПедОлимпиада» 2 орын
4. Сатаев Е.А. Пед Олимпиада по предмету информатика 2 место. Республиканскии дист.конкурс Я педагог 1 место
5. Бижанова А.А. «Ped Olimp» атты республикалық пәндік педагогикалық олимпида 2 орын

6. Оразгалиева М.А. «Ped Olimp» атты республикалық пәндік педагогикалық олимпида 2 орын
7. Мирманова Г.И. «Математика пәні мұғалімдері арасында өткен облыстық педагогикалық олимпиада» 1орын
8. Тнымбай Е.Ғ. Ақтөбе ғылыми тәжірибелік орталық облыстық «ПедОлимпиада» 1 орын
9. Сейтимбетова Н.Д. Ақтөбе ғылыми тәжірибелік орталық облыстық «ПедОлимпиада» 1 орын
10. Сафина Г.Г. Ақтөбе ғылыми тәжірибелік орталық облыстық «ПедОлимпиада» 3 орын

- информатика пәні мұғалімдері бойынша:

1. Сетмагамбетова Л - 1 орын
2. Сатаев Е.А - 2 орын
3. Имандосова С - 2 орын
4. Жусупова Д - 3 орын
5. Оразгалиева М - 3 орын
6. Бижанова А – «Алғыс хат»

- қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері бойынша:

1. Тлеугабылова Гулзия 2 орын
2. Имашева Айнагүл апай 3 орын

- тарих пәні мұғалімдері бойынша:

1. Бердалина М – 2 орын
2. Тлеубаева Г- 2 орын
3. Дуисемби Т – 3 орын

- орыс тілі пәні мұғалімдері бойынша:

1. Нурмагамбетова В.У.-3 орын
2. Имашева Н.А.- 3 орын
3. Иванцова Е.В.- 1 орын
4. Болатова А.А.- 2 орын

- Бастауыш бірлестігінің жетістіктері:

Ильясова Динаш Набиевна Олимпиада бастауыш мұғалімдер арасында «Алғыс хат»
Уразмурзина Гайни Ерсаиновна Олимпиада бастауыш мұғалімдер арасында «Алғыс хат»
Кайырбаева Гаухар Бауыржановна Олимпиада бастауыш мұғалімдер арасында 3 орын
Туретаева Роза Кайруллаевна Мадақтау грамота №123: Z-0008340-30.10.2022
Рисжанова Эльмира Амангельдиевна
Халықаралық Алтын білім кілті журналынан «Алғыс хат» 24.10.22ж
Альменова Айнур Куанышкеевна Халықаралық Пони байқауына жеңімпазар мен жүлдегегерлерін сапалы дайындағаны үшін Диплом 2022ж
Білім саласында нәтижелі еңбек етіп,мамандығына адалдық танытып жоғары нәтижелі көрсеткіштері үшін «Құрмет грамотасы» 2022ж
Республикалық «Zastar.kz» баспа үйінің атынан «Алғыс хат» 2022
Жумагалиева Айжан Куанышевна «Заманауи педагогтің IT-құзыреттілігін қалыптастыру» атты вебинар-практикумға бағдарлама дайындағаны үшін «Алғыс хат»
«Пони» Халықаралық байқауға жеңімпаз дайындағаны үшін диплом.
Жаукарова Марзия Сабиржановна «Алгыс хат» Областная пед.олимпиада среди учителей нач.классов.
Морозова Ильмира Тулебаевна «Сертификат» Грамота (Республ центр дистанцион олимпиад)
Мартыненко Людмила Андреевна Областная пед.олимпиада учителей предшколы
«Алғыс хат»
Орынбаева Калдыбике Жаксылыковна Altyn bilim kilty журналы. «Алғыс хат». 2022ж
Тургынова Каламкас Нагашбаевна
Областная пед.олимпиада 3 орын

- Эстетика бірлестігінің жетістіктері:

1. Абилова А.Е.

1.Үздік туындылар облыстық шығармашылық жұмысқа қатысып «Алтын Тұмар 2» жинағына еніп, кітап және төс белгі иеленді.
2. Білім саласындағы жоғары нәтижелі еңбегі, педагогикалық шеберлігі үшін 2022 жылы «Мерке» шипажайында емделіп демалуға жолдама берілді.
3. Ақтөбе-Дарын орталығы: Көркем еңбек пәні мұғалімдері арасындағы педагогиккалық олимпиадаға сертификатпен марапатталды.
4. Ақтөбе облыстық Ғылыми-тәжірибелік орталығы: Көркем еңбек пәні мұғалімдері арасындағы облыстық педагогикалық олимпиадаға сертификатпен марапатталды.
5. Ақтөбе облыстық ғылыми орталығы «Көркем еңбек» пәні мұғалімдері арасында үздік туындыларды жинақтауға үлес қосқан үшін алғыс хатпен марапатталды.
2. Абдуллаева А.Б.
1. Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы: Музыка пәні мұғалімдері арасындағы облыстық педагогикалық олимпиадаға сертификатпен марапатталды.
2. Республиканың үздік дарындылары атты республикалық байқауға белсене қатысқаны үшін құрмет грамотасымен марапатталды.
3. Республиканың үздік дарындылары атты республикалық байқауда шәкіртті даярлауда үлес қосқаны үшін алғыс хатпен марапатталды.
4. Республикалық Өрлеу порталы: Ұлттық мұра атты педагогикалық байқауға қатысқаны үшін диплом 1 дәрежелі
3. Елеусизова Г.Қ
1. 27-29.10.21.-Халықаралық «МЫ+БІЗ» ерікті бастама – Қазақстан жастар форумына» қатысқанын растайтын сертификат
2. 27.04.22.-Көркем еңбек пәні мұғалімдері арасында өткен облыстық педагогикалық олимпиадаға қатысқаны үшін сертификат.

Мектепте сапалы жұмыс жүру үшін мектептің шығармашылық тобы жұмыс жасауы керек. Бұл бағытта мектебіміздің «Lesson Study» шығармашылық тобы белсенді жұмыс атқаруда. «Lesson Study» шығармашылық тобы бойынша жетекшілері Исмагулова Р.С. мен Морозова И.Т. Жоспар бойынша мектебімізде шығармашылық топтың отырыстары өтуде.
3 қараша күні шығармашылық топтың 2-ші отырысы «Исследование в действии. Lesson Study» тақырыбында болып өтті.





«Lesson Study - способ как повышение качество знаний учащихся» тақырыбында жұмыс өтті.



Мектебіміздегі «Lesson Study» шығармашылық тобының жұмысы қазіргі уақытта жүріп жатыр, дегенмен «Lesson Study» тобы шығармашылық тобының жұмысын орта буындарда жандандыру керек.

Мектепке педагогикалық шеберлігі жоғары, өзінің іс-тәжірибесін сын тұрғысынан қарастырып, іске асыра алатын және сабақтарын түрлендіріп өткізе білетін және АКТ-ны меңгерген, заманауи жаңашыл мұғалім қажет. Сондықтан әдістемелік жұмысты ұйымдастыру, мектептің даму жоспарларында ең негізгі бағыт болып табылады. Біздің мақсатымыз, бұл – мектепте жалпыға бірдей сый құрметпен карауға, әр адамның өзін-өзі өсіруіне ұжымдық және жеке алға ұмтылуына жағдай жасау.

**Қорытындылар мен ұсыныстар:**

2022-2023 оқу жылының І оқу тоқсаны бойынша әдістемелік жұмыс жоспарына сай жоспарлы жұмыстар атқарылды.

1. І оқу тоқсаны бойынша жүргізілген барлық жоспарлы жұмыстар мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін және оқу үрдісінің сапасын арттыруға үлес қосты.
2. Сапалық құрам 48%-ды құрайды.
3. І тоқсан бойынша өз білімін көтеру үшін біліктілік арттыру курстарынан өткен мұғалімдер 13,6 %-ды құрайды.
4. Жоғарыда аталған І тоқсан бойынша жетістікке жеткен педагогтарымыздың еңбегін атап өту керек.
5. Ақтөбе облыстық ғылыми–тәжірибелік орталығының ұйымдастырған тарих, дене шынықтыру пәндері бойынша «Үздік сабақ жоспары» байқауларына мектебімізден қатысқан пән мұғалімдері болған жоқ, сол себепті ұйымдастырылған байқауларға және аудандық, облыстық деңгейдегі байқауларға мектебіміздің атынан қатысып, белсенділік танытуымыз керек.
6. І оқу тоқсанының жоспарындағы өткізілмей қалған «Функционалдық сауаттылық – сапалы білімнің кепілі» тақырыбындағы практикалық семинарын (PIZA., TIMSS, PIRLS) қараша айында ұйымдастыру.
7. Педагогтардың өз білімін көтеру үшін біліктілік арттыру жұмыстарын жалғастыру.
8. Мектептің жаңа оқу жылына арналған әдістемелік тақырыбы бойынша жұмысты жалғастыру.
9. Білім сапасын көтеру үшін инновациялық технологияларды қолдануды жалғастыру.
10. Педагогтардың кәсіби құзыреттілігін үздіксіз жетілдірудің жаңа нысандарын енгізу.
11. Білім берудің табыстылығын, педагогтардың кәсіби құзыреттілігі мен әдістемелік дайындығының деңгейін бақылау және диагностикалау жүйесін жетілдіру.
12. Пән мұғалімдерінің өзін-өзі тәрбиелеу тақырыптары бойынша жұмысын жүйеге енгізу, шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің озық педагогикалық тәжірибесін анықтау және жалпылау, тарату жұмыстарын жандандыру.
13. «Жас педагог мектебінің» жұмысын жоспарға сәйкес жалғастыру, жас және жаңадан қабылданған мамандармен жұмысты әдістемелік жағынан қамтамасыз ету.